

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламентта

«__» _____ 20 __ года

2021 жылғы 17 ақпанда
жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е.Л. Тоғжановқа

Депутаттық сауал

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

«Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасында «Отбасыларды қолдауға бағытталған әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік жәрдемақылар бойынша барлық міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету» қарастырылған.

Бүгінгі күні елімізде әлеуметтік қамқорлыққа мұқтаж жандар мемлекеттен тиісті әлеуметтік көмек түрлерін алып отырғаны белгілі.

Алайда, бұл тұста қиындықтар туғызып отырған мәселелер де бар.

«Әлеуметтік-еңбек саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарттарына» сәйкес, кейбір көмектер мен жәрдемақыларды алу үшін азаматтардан тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы құжат талап етіледі.

Мысалы атаулы әлеуметтік көмек алу үшін **бір жерде тіркеуде 6 ай** тұру керек. Әлеуметтік көмекке мұқтаж жандар негізінен жағдайы төмен отбасы мүшелері екені белгілі. Олардың көбісінің басында үйі жоқ, сәйкесінше белгілі бір жерде ұзақ мерзімде тіркеуге тұруға мүмкіндігі жоқ.

Әрине, үйі жоқ болғандықтан, таныстарына, туыстарына, тіпті бөтен адамдарға жүгініп, ай сайын ақша төлеп тіркелуге мәжбүр болады.

Олар өз үйі болмағандықтан, тұрғылықты жерін де жиі ауыстырады. Ал, түрлі себептермен олар тіркеуден шығып, басқа мекен-жай бойынша тіркелгеннен кейін, олар әлеуметтік көмектен 6 айға қағылады.

Бұл жағдай, онсыз да қиналып отырған көпбалалы аналарға қосымша ауыртпалық түсіруде.

Ал енді мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін азаматтарға **тұрғылықты** тұратын жері бойынша тіркелгені туралы талаптар қойылады. Уақытша тіркеу әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға жарамайды. Егер мұқтаж жандардың жеке меншігінде үйі

болмаса, тұрғылықты тұратын жері жоқ болса, сонда бұл азаматтар әлеуметтік көмекті қалай алады?

Сол себепті, баспанасы жоқ көпбалалы аналар мен мүгедек баланы тәрбиелеп отырған азаматтар, мүгедектер үшін т.б. мұқтаж жандар үшін қажеттілігі бойынша әлеуметтік көмекті, жәрдемақыларды қолжетімді әрі тиімді ету мақсатында, оларды Халыққа қызмет көрсету орталығында тұрақты және уақытша тіркеуге тұрғызу мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынамыз.

Екінші мәселе, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баспанамен қамтуға қатысты. Республикалық деректер банкінің мәліметтеріне сәйкес бүгінгі таңда елімізде 23 410 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар бар. 30 жылдың ішінде осы санаттағы азаматтарға тек 5723 ғана үй берілген.

Қазіргі күні оларға мемлекет тарапынан кезекке сәйкес тұрғын үй тұрғылықты мекен-жайы бойынша, яғни, тек өзі тұратын елді-мекеннен беріледі. Ал бір ауданда көбірек үй беріліп жатса, екіншісінде тіпті мүлдем берілмеуі мүмкін. Өйткені, облыстар арасында және бір облыстың ішіндегі аудандар арасында республикалық бюджет қаржысы есебінен тұрғын үй салу мен беру қарқыны әртүрлі.

Біз «жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған» елміз.

«Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасында да «Жетім жасөспірімдер балалар үйінен шығарылғаннан кейін жұмыспен және үймен қамтамасыз ету» мақсаты қойылған. Сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасына сәйкес, оларға 2021-2025 жылдар аралығында жыл сайын коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген үйлерден немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлердің жалпы санының көлемінен 20 пайызын беру көрсетілген.

Бұл мақсаттың тиімді орындалуын қамтамасыз етудің бір жолы ретінде, жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға облыстың кез келген ауданынан болмаса еліміздің басқа облысынан тұрғын үйді таңдау мүмкіндігін беруді қарастыру қажет деп есептейміз.

Екіншіден, балалар үйінен тәрбиеленіп шыққан жасөспірімдердің аңғалдығын, жақыны жоғын пайдаланып, алаяқтар олардың баспанасын тартып алған жағдайлар да кездеседі.

Сол себепті, жетім жасөспірімдерге берілген тұрғын үй алаяқтық жолмен қолды болып кетпеуі үшін, оларға берілген сәттен бастап 5 жылға дейін тұрғын үйді сатуға шектеу қою қажет деп санаймыз.

Осы аталған ұсыныстарды қарап, заңнамада белгіленген тәртіппен жауап беруді сұраймыз.

**Құрметпен,
Депутаттар, « Nur Otan» Партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Ә. Әбсеметова
Д. Әлімбаев**

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған депутат**

**«Қазақстанның халық партиясы»
Фракциясының мүшелері**

**С. Имашева
М. Тәжмағамбетова
Ж. Телпекбаева**

В. Тохтасунов

И. Смирнова

*Шалхарбаев Азамат
74-61-06
Shalharbaev@parlam.kz*